

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
ҚҰРБАНДАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕТІН ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ»**

**Досмурзаева Динара Онгаровна, Лекенова Алмагуль Азамхановна,
Мықтыбаева Айдана**

dosmurzayeva.do@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Өлеуметтік ғылымдар факультеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Балаларға, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық - мәдени, географиялық, діни, әлеуметтік және экономикалық шекаралары жоқ жалпы әлемдік проблема. Тұрмыстық зорлық-зомбылық гендерлік зорлық-зомбылықпен гендерлік теңсіздікпен тығыз байланысты. Әлемдік және отандық тәжірибе көрсеткендей, әйелдер тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылық қаупі бар топқа жатады. Әлемдік қауымдастық әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жаһандық проблема ретінде таныды және оның ауқымы әлі толық белгілі емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына сүйенсек, әлемдегі әйелдердің үштен бірі зорлық-зомбылықтың құрбаны болып табылады [1]. Статистикаға сәйкес, Қазақстанда: әрбір үшінші әйел отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық болады; әрбір жетінші әйел экономикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды; әрбір алтыншы әйел физикалық зорлық-зомбылықты бастан кешеді; әрбір үшінші әйел психологиялық зорлық-зомбылыққа тап болады [2]. 2020 жылдағы әлемде болған пандемия жер бетіндегі халықтың 80%-ның өмір сапасына және жұмыс жасау жағдайына әсер етті, миллиардтаған адам локдаунда қалды. Бұл дисфункционалды отбасылардағы отбасылық қақтығыстардың күшеюіне алып келді. ҚР ІІМ деректері бойынша өзін-өзі оқшалау барысында тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 8000 заңға қайшы жағдай тіркелді. ҚР ІІМ Тергеу департаментінің мәліметтеріне сүйенсек 2020 жылдың 16 наурыз бен 5 тамыз аралығында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 241 қылмыстық құқық-бұзушылық тіркелген. Карантиннің басында тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан болған өлімнің 33 жағдайы тіркелді [2]. Қазақстан БҰҰ-ға мүше басқа да көптеген елдер сияқты гендерлік теңсіздікті қамтамасыз ету саласындағы барлық негізгі халықаралық міндеттемелерге, оның ішінде 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарына да қосылды, онда 5-ші мақсаттың басты міндеттерінің бірі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою. Қазақстан қоғамындағы зорлық-зомбылық құбылысын алдын алу және оған қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі, сонымен қатар бұл құбылыс Қазақстан қабылдаған және қазіргі уақытта ұлттық деңгейде іске асырылатын міндеттемелерге жатады. 1998 жылы Қазақстан Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны ратификациялады. 2003 жылы Қазақстан Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге қосылды. Халықаралық шарттарға қосылу арқылы Қазақстан гендерлік теңсіздік пен гендерлік зорлық-зомбылықты азайту бойынша шаралар қабылдады. 2010 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [3]. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық - бұл отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) [3]. Ал тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны – Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерінің негізінде айқындалатын тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты тікелей құқық бұзушылықтан моральдық, дене және (немесе) мүліктік зиян келтірілген деп пайымдауға негіз бар жеке тұлға деген анықтама берілген [4].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері:

Күш көрсету зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

Психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

Сексуалдық зорлық-зомбылық – адамның жыныс мүшелеріне тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондайақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

Экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана алыстату[3].

Республикада «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» Заңға қосымша, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыстық орталықтар жұмыс істейді. 2018 жылғы мәліметтер бойынша жалпы, Қазақстанда 38 дағдарыс орталығы жұмыс істейді [5].

УДК 364

КРАУДФАНДИНГ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҚАРАЖАТ ТАРТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Жаңабай Саят Сағынбайұлы

Sayzhanbay@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Сембина

Краудфандинг (ағылшын тілінен аударғанда crowd funding, crowd - «тобыр», funding - «қаржыландыру») – халықтық қаржыландыру. Бұл басқа амдардың немесе ұйымдардың күш-жігерін қолдау үшін өз ақшаларын немесе басқа ресурстарын ерікті түрде біріктіретін адамдардың ұжымдық ынтымақтастығы.

Қазақстандағы краудфандингтің даму тарихы шамамен 2014 жылы басталды, сол кезде бірден бес краудфандинг платформасы іске қосылды: Startuper, Startticket, i6, Gostart және Asar.ainvest. Өкінішке орай, олар бір жылдан аз уақытқа созылды. Кейінірек тағы бір платформа пайда болды - Baribirge, ол тиімдірек болды және 2018 жылға дейін созылды. Қазіргі уақытта Қазақстанда бірнеше краудфандинг платформалары жұмыс істейді, олардың арасында бұрынғы платформалармен салыстырғанда табысты және тұрақты қызметті көрсететін Birgemiz.kz және Start-time.kz сияқты платформаларды ерекшелеуге болады.

Краудфандинг алаңдары (платформалар) – бұл кез-келген жобаны іске қосу үшін қаражат іздейтін адамдар немесе ұйымдар (жоба авторлары) мен осы жобаны қаржыландырғысы келетін адамдар (салымшылар) арасында делдал ретінде әрекет ететін мамандандырылған интернет-сайттар.

Краудфандингті келесі санаттарға бөлуге болады:

- Краудфандинг жобасының мақсаты бойынша (бизнес жоба, креативті, саяси, әлеуметтік);

- Демеушілер үшін сыйақы түрі бойынша (сыйақысыз (қайырымдылық), қаржылық емес сыйақы, қаржылық сыйақы (Краудинвестинг)) [1].

Краудфандингтің кең таралған шарттарының бірі – жобаны жасаушының салымшыларға жобаны қолдағаны үшін қаржылық емес сыйақы беру міндеті (мысалы, сыйлықтар немесе кітап үлгісі, музыкалық диск немесе алғыс хат сияқты символдық сыйақы). Қайырымдылық жобаларына немесе КЕҰ жобаларына қаражат жинауға қатысты